

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Туғанбаева Шырын Ерболқызы

kymkol_shyryn@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Д.Боранбаева

И.М.Сеченов айтқандай, қандай іс-әрекет болса да оның болуының алғашқы себебі әрдайым сыртқы сезім беретін қозудан болады. Іс-әрекеттің детерменизмi осы болып табылады, соған қарағанда, адамның әрбір iстеген әрекетінің өз себебі болады. Бұл жерде Сеченов алғашқы себеп туралы айтып отыр. Бірақ осыдан әрі көптеген іс-әрекеттер сезім беретін қоздырғышсыз-ақ немесе тіпті, оған қарсы, өмір дәрежесіне сүйеніп туа береді. Адамның барлық реакцияларының рефлекторлық сипаттары болады. Осыған сай, жоғарыда айтылған адамның жауапбергіштік қасиеттерінң атауы болуы тиіс.

Ақыл-ойдан туатын және алдында тұрған мақсаты бар ерікті түрде істелінетін барлық әрекеттерді ерік әрекеттері деп атауға болады. Олай болса, ерік күшінің жеткіліксіздігінен адамның ішкі жан-дүниесінде қайшылықтар туындайды. Бұл жайлы,тіпті, Аристотель өзінің «Поэтикасында» бұлтты кейіптеп, оның тұлғалануын көрсеткен.Демек, алғашқы антикалық дәуірдегі адамның ішкі әлеміне үңілудің бастамасы болып отыр.

Адамның ішкі әлемі М.М.Бахтин бойынша айтсақ, «сыртқы және ішкі денеден» тұрады. «Ішкі дене» салмағы бар, туа біткен, қанмен келген қасиеттері бар, тұрақты болмыс, «сыртқы болса» адам өзі қалыптастыратын, жүре келе қаланатын, сыртқы ортаға тәуелді болмыс [1;51].

Олай болса, «сыртқы дененің» дұрыс қалануы, гүлденуі адамның өз қолында. Жөнді орта, салауатты өмір салты, отбасындағы өнегелі тәрбие де «сыртқы дененің» түзілуіндегі шешуші факторлар. Сонымен қатар, бұл жайлы тереңірек З.Фрейдтің психоанализ дәрістерінен көреміз. Ол барлығын адам бойындағы қорқынышпен байланыстырады. Қорқыныштың пайда болуын адам жүйке-жүйесінің сыртқы орта әрекеттеріне реакциясы ретінде қарастырады.З.Фрейдтің бұл ойы М.М.Бахтиннің «сыртқы дене» теориясымен ұштасып жатыр. Ал, адам бойында өзін-өзі тәрбиелеуді бірден-бір қолға алатын – ерік күші [2;355].

Адам өмірінде еріктің маңызы орасан зор. Ерік кәдімгі күнделікті өмірде, әсіресе үлкен кедергілерді жеңудегі ауыр кезеңдерде керек. Соғыстағы немесе еңбектегі қандай да болсын жасаған ерлік адам еркінің күшті болуын керек етеді. Керісінше, еркі әлсіз адамдар үлкен бір істі бітіру түгіл, күнделікті өмірде қойған міндеттерді атқара алмай, жұмысқа қабілеті нашар болып, басқалардан көмек күтіп, қамқорлығында болғысы келеді. Міне, бүгінгі сөз болып отырған өзіне-өзі сенімсіз адамдардың басты мәселесі ерік күшінің төмен болуында екені сөзсіз.

Ерік әрекетін жасай отырып, адам іс-әрекет процесінде өз бойында жеке адам ретінде өзін сипаттайтын, әрі өмірі мен еңбегі, үшін өте маңызы бар ерік сапаларын баулиды. Бір қасиеттер адамды неғұрлым белсенді етеді, бұл ми сыңарлары қыртысындағы козу процестерінің басым болуына байланысты, басқа бір қасиеттер қажеті жоқ психологиялық процестер мен әрекеттерді тежеуде, кідіртуде, басуда көрініс береді.

Белсенділікке байланысты қасиеттерге тоқтамға келгіштік, батылдық, табандылық, дербестік жатады.

Тоқтамға келгіштік – керегі жоқ толқуларсыз дер кезінде әрі орнықты шешімдерді қабылдай білу. Тоқтамға келгіштік асығыс қабылданған қалай болса солай ойластырылмаған әрекеттерде емес, жеткілікті өлшеп пішілген, негізделген іс-әрекеттерде көрінеді. Тоқтамға келгіш адам істің басқаша емес, осылай істелуі керектігіне қатты сенімді болады.

Батылдық дегеніміз - адамның үрейлену және абыржу сезімін жеңе білу қасиеті. Батылдық адам өміріне қауіп төнген сәттегі қимылдарда ғана көрініп қоймайды, батыл адам

күрделі жұмыстан, үлкен жауапкершіліктен сескенбейді, сәтсіздіктерден қорықпайды. Батылдық шындық өмірге ақылға қонымды, айқын оймен қарауды талап етеді. Кейде қиял адамға іс жүзінде жоқ қауіп қатерді елестетеді. Бірақ ерік күш-жігерін жұмсап ол негізсіз туған үрейді басады да, керек деп санаған ісін орындап шығады.

Батылдықты, өзін қажетсіз қауіп-қатерге ұшыратып, адам өзінің саңлақтығын көрсеткісі келгендегі әулекілікпен алмастырып алуға болмайды. Мұндай адамды еркі күшті деп айтуға болмайды. Еркі күшті адамның шынайы батылдығы дегеніміз – үрейді жеңу мен төніп тұрған қауіп-қатерді есепке ала білу. Мұндай адам өзінің мүмкіндіктерін біледі және әрекеттерді жеткілікті ойластырып шығады. А.В.Суворов : «Батылдық пен сақтық бір ат үстінде» деп тегін айтпаған-ды.

Батыл адам әдетте ерлікке де ие, яғни қауіп-қатер сәтінде ұнжырғасы түспейді, өзінің жолында ұшырайтын қиыншылықтар мен әуре-сарсандарды табандылықпен көтере біледі.

Табандылық дегеніміз бұларға жететін жол қандай ұзақ та қиын бола тұрса да, алға қойған мақсатқа жете білетін қасиет болып саналады. Табандылық ішкі және сыртқы кедергілерді жеңе білуден көрінеді. Еркі күшті адам күш-жігерін үнемі ширықтыра алады, бұл арада қиыншылықтар, И.П.Павлов айтқандай, өзінің ісін жалғастыра беруге тек оның тілек-талабын ұлғайта түседі. Табандылық педагогтық жұмыста да өте керек Табандылықты өз басының ұсақ-түйек сезімімен қате шешімнен бас тарта алмайтын, адамның бір беткейлігімен теңестіруге болмайды. Бірбеткейлік – жеке адамның теріс қасиеті боп саналады [3;117].

Дербестік дегеніміз – басқаның ықпалына берілмей, адамның шешім қабылдап, белгіленген істі атқара білу қабілеті. Осы ерік қасиеттерімен көзге түспейтін адамдар өзінің жолында қиыншылықтарға кездесе қалса, әдетте сасып қалады. Мұндай дәрменсіздіктің себептері баланы дербес жұмысқа үйретпегеннен және оның бойында өзінің іс-әрекеттері мен қылықтары үшін жауапкершіліктен қашқалақтауға ұмтылу дамыған сонау мектеп жасындағы тәлім-тәрбиенің ерекшеліктері арқылы жиі түсіндіріледі. Дербестік басқа адамның ақылға қонымды пікіріне ықыласпен кісінің құлақ асуын және егер олармен келісетін болса, олардың кеңесін қабыл алуды жоққа шығармайды. Бірақ еркі күшті адам, бола қалған күнде басқаларға бүтіндей бағынып, өз пікірінен тым оңай бас тарта алатын адамдар сықылды осы теріс қасиет – сенгіштікке ие бола алмайды. Шынайы дербестіктің негативизм дейтінмен, яғни сырттай келетін ықпалға қалай да болсын қарсылық көрсеткенімен, ортақ ештеңесі болмайды. Егерде иланғыштық адамды өзінің үміті мен сеніміне сай келмейтін қылықтар жасауға ойыстырса, ал негативизм оны басқаларға кесе көлденең ақылға қонымсыз істерге итермелейді. Иланғыштық пен негативизм – ерік күшінің емес, оның бос белбеулігінің белгілері.

Дербес әрекет ету дегеніміз өздерінің іс-әрекетін ұжымның пікірі мен еркіне бағындырмау деген сөз емес. Бірақ ақылға қонымсыз мода немесе жолдастарының зиянды ықпалдары үшін, адам өзінің сенімдерімен әрекет істесе және «табындық сезім» дегенге беріліп кетсе, істің жайы нашарлайды. Мұндайда еріктің жеткіліксіздігі елес береді, өйткені адам өзі туралы басқалар не ойлап, не айтады деп, басқалардың шылауынан шыға алмай, оны дұрыс деп санай отырып, өз көзқарастарынан бас тартады. Көптеген нашар әдеттер (маскүнемдік, темекі тарту т.б.) дербестіктерінің жеткіліксіздігінен, иланғыш еліктеуге бейім, еркі бекем емес адамдарды билеп алады.

Ерікті тәрбиелеу

Әрбір адам еркін тәрбиелеумен айналысуы қажет. А.М.Горький адамның денені жаттықтырғаны сияқты, ақыл-ой мен ерікті де жаттықтыруға кеңес береді.

Мұны барлық көрнекті адамдар жақсы түсінеді, олар жас шағында-ақ еркін нығайту жолында жұмыс істейді.

Жас Ушанский сағаттар мен күнге бөліп сабақ кестесін жасайды. Оның күнделігінде өзі оқуға талаптанған кітаптардың тізімі де бар. Ол өзіне арнап мінез-құлық ережелерін жасайды және бұлардың орындалуын қатаң қадағалады.

Он тоғыз жастағы Л.Н.Толстой да өзіне «Ерікті дамыту үшін ереже» құрастырады. Бұларға ол күннің қатаң режимін және өмір бойына ұстаған тамақтанудың белгілі бір рационаын енгізген.

Н.К.Крупская өзін-өзі бақылауға үлкен маңыз береді. Ол өз еңбегінің өнімділік дәрежесін сын көзімен бағалау және ненің бітпей қалғанын анықтау үшін, күн сайын кешкілік күні бойына не істегенін қысқаша жазып отырған.

Ерікті тәрбиелеуге, адамның мінез-құлқына ұжымның, айналасындағылардың пікірінің дұрыс ықпалы болады.

Кәдуілгі күнделікті еңбек, соның ішінде оқу еңбегі де ерікті нығайтудың жақсы мектебі бола алады. Егерде жұмыста немесе оқуда бірталай қиындықтар болса, онда бұларды жеңіп шығу ерік сапаларын тәрбиелеудің тамаша құралы бола алады. Бұл жөнінде жастарға сөз тастап, Кеңес Одағының Батыры А.П.Маресьев өте жақсы айтып береді: «Кейде менен былай сұрайды. Сіз үсіген аяғыңызбен қалай еңбектегеніңізді айтып беріңізші және самолеттің руліне қайтадан отыруға сіздің табандылығыңыз қалай жетті... Ал менің былай жауап бергім келеді де тұрады: менің сіздерге суффикстер жайында айтып бергенім жақсы болмас па екен осы? Ие, ие, суффикстер туралы мен олармен ес-түсім кеткенше айналысқан едім. Соғыстан кейін мен академияда оқи бастағанымда, мектепте өткендерімнен әлденелерді мүлде ұмытқанымды байқадым. Әсіресе істің жайы грамматикада нашар болды. Мұны игеру үшін мен қаншама тер төктім! Әрине, бұл оқулыққа үңілу мен самолетті ұрысқа апару екі басқа нәрсе, бірақ кейде қасиет жағы өте ұқсас болып келетін бұлар осы бір-біріне ұқсас емес істерді жақсы істеп шығуды керек етеді».

Сонымен ерікті тәрбиелеу үшін өзіңмен тұрақты, үздіксіз жұмыс істеу керек, бұл істі мүмкіндігінше ерте бастау қажет. Жеке адамның ерік сапалары еріктік іс-әрекеттерде қалыптасатынын есте ұстау керек. Сондықтан да еңбек ерікті нығайтудың ең жақсы құралы болды және болып қала береді. Әрбір істі ақырына дейін жеткізудің, өз әрекеттеріңді ойластырудың, орындалмайтын шешімдерді қабылдамаудың, бірақ шешім қабылдағаннан соң, қайткен күнде де оның орындалуына жетудің маңызы өте зор. Ерікті тәрбиелеу адамның өз алдына қойған мақсатына байланысты. Қойылған мақсатты танып-білу ерікті шынықтыра түседі.

Сондай-ақ өзіңді қатаң қадағалауды, өз жұмысың мен мінез-құлқыңды бақылап отыруды өз бойыңда әділет етіп тәрбиелеуің қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – Москва, 1986, 516.
2. Фрейд З. О психоанализе. – Минск: Харвест, 2005, 500б.
3. Гоголь Ф.Н. Психология. – Алматы: Мектеп, 1976, 355б.

УДК 37. 378

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУДА МНЕМОТЕХНИКАНЫ ПАЙДАЛАНУ

Турдыбекова Айнаш Куандыковна

turdibekova91@mail.ru

Астана қаласының гуманитарлық колледждің оқытушысы,
Астана, Қазақстан

Мнемоника (гр. mnematik - есте сақтау өнері) - табиғи ассоциациялар жасау көмегімен есте сақтауды қамтамасыз ететін, жасанды түсініктер арқылы қажетті мәліметтерді еске сақтауды жеңілдететін ережелер мен тәсілдер жиынтығы. Мнемоника таңбалары сақталып қалған не топталған бірнеше зат арқылы, солардың суреттерінен көрінуі мүмкін. Мысалы, садақ - соғыстың, соғыс жариялаудың мнемоника таңбасы. Қазақстанның таулы